

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында ғылыми қызметті үйімдастыру жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына түсініктеме

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 1208 Жарлығына түсініктеме

Осы Жарлық отандық ғылымның тағдырына, Ұлттық ғылым академиясының қазіргі қоғамдағы рөлі мен орнына алаңдаушылық танытқан және оны республикалық мемлекеттік мекемеден "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" қоғамдық бірлестігі түрінде қайта құруды ұсынған елдің жетекші ғалымдарының пікірлері ескеріле отырып қабылданды.

Ұлттық академияны қоғамдық-экономикалық қарым-қатынастардың жана жүйесіне қосуға деген талпыныс оң нәтижелер бере алмады. ҚР ҰҒА-сына мемлекет мекеме мәртебесін беру жөнінде 2001 жылы қабылданған шешім тиімсіз болып шықты, академия қызметтіндегі бойкүйездікті жоюға, ғылыми-зерттеушілік үрдістерді үйімдастыруға қатысты жана көзқарастар іздестіруге жағдай жасай алмады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы ҚР ҰҒА-ға қоғамдық бірлестік мәртебесін беру жөніндегі Ұлттық ғылым академиясы мүшелерінің ұсыныстарын қолдады.

Ғылым академиясының мемлекеттік органдарға тәуелсіз болуын елдің ғылыми қауымдастыры оң қабылдады. Елдегі және шетелдердегі іргелі ғылымдар жағдайларына талдау жасау, ғылыми жетістіктерді насиҳаттау, елдің жоғары оқу орындарымен белсенді қызметтестік орнату, ғылыми-техникалық саладағы консультациялар, ғылыми симпозиумдар мен конференциялар өткізу, атақты ғалымдар атындағы сыйлықтар тапсыру қоғамның ғылыми элитасы ретіндегі ҚР ҰҒА мүшелерінің негізгі міндеттері болып табылмақ.

Сонымен бірге, мемлекет әлемдік қоғамдастықтағы жалпыға ортақ институттар мен механизмдер арқылы алдағы уақыттарда да елдің алдында түрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге, қоғамның дамуы мен өркендеуіне ықпал ететін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыта түсуге жан-жақты жағдайлар жасау қабылдау болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметіне Президент Жарлығын жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

22 қазанда өткен құрылтайда "Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясы" қоғамдық бірлестігінің Жарғысы қабылданып, академия Президенті сайланды. Президент болып жиналысқа қатысқан жүз адамның 72-сі жақтаң дауыс берген академик М. Жұрынов сайланды. Үміткерлер арасында 19 дауыс алған Е. Ерғожин мен 10 академик қолдау көрсеткен С. Дәүкеев болды.

Казақстан *Республикасының*

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК